


КАЗАК  
ХАНДАРЫ  
КАЗАХСКИЕ ХАНЫ  
KAZAKH KHANS


(XV в. - первая половина XVII в. - середина XVIII в.)  
(Middle XV c. - beginning of the XVII c. - mid XVIII c.)

СИДАН

ИЗДАТЕЛЬСТВО  
СИДАН



Тарих - біздің  
істеріміздің өткенінің  
куәсі, қазіргіміздің үлгісі  
мен өнегесі, ал  
болашағымыздың асыл  
қазынасы.



**Осы ханның тұсында Қазақ хандығы  
өзінің дәуірлеу биігіне көтеріледі. Ол  
қауіпті көршісі Мұхаммед Шайбаниді  
талқандап, оның мемлекетінің құлауына  
себепші болады. Моғолстанның ханы  
Сұлтан Саид ханмен достық қатынас  
орнатады. Сондай ақ ол таяу көршілерімен  
ғана емес, сырт елдермен, мысалы, Мәскеу  
мемлекетімен терезесі тең дәрежеде  
дипломатиялық қатынас орнатып,  
орыстың сол кездегі кінәзі ІІІ Василиймен  
байланыста болған.**

Осы ханның тұсында елі үшін сіңірген ерен еңбегі екі қырымен айрықша назар аударады. Бірі – елдің іргесін аман сақтауда сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізіп, анталаған көп дұшпанға бел аудармағаны. Екіншісі – елдің ішкі жағдайын реттеудегі саяси-құқықтық тәртіпті орнатуы. Ол төңірегіне топтан торай шалдырмайтын, сыртқа сыңар сабақ жіп алдырмайтын, бір ауыз сөзімен жұртты жатқызып — өргізетін, беделімен елдің бірлік-берекесін кіргізетін ақыл иелерін жинап, халқын солар арқылы басқарды, ақыл-ой, парасат үстемдігін орнатты. Осындай алыптардың замана тынысын тамыршыдай тап басып танып, халықтың басын қосып, елдің бірлік – берекесін кетірер ішкі дау – жанжалды, барымта – сырымтаны тиып, елді ынтымақта ұстау мақсатында ой тоғыстырып, бір бағытта игілікті іс-қимыл жасау арқасында Қазақ хандығының жағдайы күрт жақсарып, сыртқа айбарын асырды. Жұрт ерді ел қолдаса — береке, ханды ел қолдаса мереке екенін көрді.



- 1. Өзін «патша, әрі ұлы князьбен татумын» деп санады.**
- 2. 1570 жылдың аяғы – Жетісудың батысы, Шу, талас өңірі оның билігінде болды.**
- 3. Орта Азия халқымен сауда қатынасы жақсарды;  
Хан өкіметі нығайды.**
- 4. Сыр бойындағы қалаларға орнығып алуға ұмтылған осы хан, 1570 жылдың аяғында Абдаллахтың қарамағынан бөлініп шыққысы келген Баба сұлтанның әркетін пайдаланды. Ол қарсыластар арасында шебер жол тауып, бірде бір жағын, бірде екінші жағын қолдап отырды. Абдаллах хан Түркістан өңіріндегі қалаларды Қазақ хандығына берді.**
- 5. 1580 жыл – Баба сұлтанның тыңшысы осы ханды өлтірді.**

Хандығының шекарасын кеңейте түсу саясатын мұнда да батыл жүргізіп бағады. Оған жағдай да көмектесе түседі. Себебі, бұл кезде қайтыс болған Бәки Мұхаммед ханның орнына оның інісі Уәли Мұхаммед пен Герат-Хорасанның билеушісі Дінмұхаммед баласы Иманқұлы таласып жатқан еді. Осы қақтығысты өз пайдасына асыруда осы хан үлкен ептілік танытады. Ол әуелі Уәли Мұхаммедке көмектесемін деп уәде беріп, кейін Иманқұл жағына аунап түседі. Соның нәтижесінде онымен бірігіп, Уәли Мұхаммедті өлтірісіп, Иманқұлмен одақ жасасады да, сол жылы Иманқұлға қарсы шығып, Самарқантқа әскер жөнелтеді.

**Осы хандар тұсында:**

**Қазақ хандығының саяси –экономикалық базасын нығайту үшін Сырдария бойындағы қалаларды қартату төтенше маңызды еді. Осы орайда, қазақ хандығының алдына 3 үлкен тарихи міндет қойылды:**

**1.Мал жайылымдарын пайдаланудың Дешті – Қыпшақ даласында бұрыннан қалыптасқан дағдылы тәртібін қалпына келтіру (бұл тәртіп Әбілқайыр хандығындағы аласапран арқылы бұзылған) көшпелі шаруалардың көкейтесті мүддесі еді.**

**2.Шығыс пен Батыс арасындағы сауда керуен жолы үстінен орнаған Сырдария жағасындағы Сығанақ, Созақ, Отырар, Ясы (Түркестан) т.б. қалалары қазақ хандығына қартату. Бұлар осы өңірдегі саяси- экономикалық және әскери-стратегиялық берік база болатын.**

**3.Қазақ тайпаларының басын қосып, қазақтың этникалық территориясын біріктіру. Бұлардың ішіндегі ең маңызды міндет – Сырдария жағасындағы қалаларды қартату күресі болды.**



Назарларыңызға  
рахмет!